

Электр плитасы

Aceline CP-010, CP-020, CS-010, CS-020

Құрылғының мақсаты

Электр плиткалары тамақ дайындауға, сондай-ақ дайын тағамдар мен тағамдарды жылытуға арналған.


Сақтық шаралары

1. Тауарды ашқаннан кейін, тасымалдау кезінде құрылғы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Зақым анықталған жағдайда құрылғыны пайдаланбаңыз және мамандандырылған орталыққа хабарласыңыз.
2. Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне дәл сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Көрсетілген кернеуі бар жапсырма құрылғының төменгі жағында орналасқан.
3. Осы нұсқаулықта сипатталғаннан басқа мақсаттар үшін құрылғыны пайдаланбаңыз. Пайдаланғаннан кейін құрылғыны қуаттау көзінен ажырату керек.
4. Құрылғыны бөлмеден тыс жерлерде пайдалануға болмайды.
5. Пісіру бетінде зақымдану анықталған жағдайда құрылғыны қуат көзінен дереу ажыратыңыз.
6. Құрылғы тек тамақты жылытуға және пісіруге арналып жасалған және онда ыдыс болғанда ғана пайдалануға болады.
7. Құрылғыны сұға немесе басқа да сұйықтықтарға салуға болмайды.
8. Ас үй ыдыстары, мөлшеріне қарамастан, конфоркадан тыс орналаспауы тиіс.
9. Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда қатты қызады. Ысып тұрған пісіретін бетке тимеңіз.
10. Қуат сымдарын өнімнің ыстық бөліктеріне тигізбеңіз.
11. Өсімдік майымен қосып тағам пісіру кезінде құрылғыны қараусыз қалдыруға болмайды.
12. Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
13. Тазалау немесе қызмет көрсету алдында құрылғыны желіден ажыратыңыз.
14. Құрылғыны жинар алдында оны толығымен суытыңыз.
15. Желілік сымы зақымдалған жағдайда авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.
16. Бұл құрылғы сыртқы таймер немесе бөлек қашықтан басқару жүйесі арқылы басқаруға арналмаған.
17. Құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналып жасалмаған.

Техникалық сипаттамалар

| Моделі | CS-010 | CP-010 | CS-020 | CP-020 |
|----------------------|------------------|---------|---------|---------|
| Желінің параметрлері | 220-240 В, 50 Гц | | | |
| Қуаты | 1000 Вт | 1000 Вт | 2000 Вт | 2000 Вт |

Құрылғының сыртқы түр-сипаты



1. Электр ашасы.
2. Конфоркалар.
3. Температураны реттегіш.
4. Жұмыс индикаторы.

**Құрылғының сыртқы түрі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.*

Пайдалану

Қолданар алдында құрылғының қауіпсіз күйде екеніне көз жеткізіңіз.

1. Плитаны бірінші рет қолданар алдында реттегішті максималды позицияға бұраңыз (5 -позиция) және құрылғыны ыдыс-аяқты орналастырмай 3-5 минуттай қыздырып алыңыз.
2. Құрылғыны іске қосыңыз. Индикатор жанғаннан кейін құрылғы пайдалануға дайын болады.
3. Реттегіш тұтқаны керекті температураға дейін бұраңыз.
4. Реттегіш тұтқаның күйі:
 - 0 - өшірулі;
 - 1 - минималды температура;
 - 5 - максималды температура.
5. Құрылғының алдыңғы жағындағы индикатор плитасы қажетті температураға дейін қызған кезде өшеді. Температураны ұстап тұру үшін пісіру кезінде индикатор жанады және өшеді.
6. Құрылғыны пайдалану аяқталғаннан кейін реттегішті минималды күйге бұраңыз және құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
7. Дұрыс ыдысты таңдау:
 - Ыдыста қалың және тегіс түбі болуы керек.

- Ас үй ыдысының негізінің диаметрі қолданылатын оттықтың диаметрінен аз болуы керек.
- Ыдыс-аяқтарды дөңес, майысқан немесе тегіс емес түбімен пайдаланбаңыз.

Бетін тазалау

- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Плитаны жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, қырнағыш зат тазартқыштарды пайдаланбаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзянсу Хуаюй Стил Бэлт Продактс Ко., Лтд.

Хуюй тас жолы 1, Пичэн, Даньян қ., Цзянсу, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Құрылғының сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарлаусыз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.